ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жыл 10 қазан Іс № 7119-25-00-2/10649 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Ж.К.Жетибаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғанысминистрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«БЕКПАТША» шаруа қожалығының басшысы Жумабек Дауанович Сатаров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «БЕКПАТША» шаруа қожалығының басшысы Жумабек Дауанович Сатаровты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «БЕКПАТША» шаруа қожалығының басшысы Жумабек Дауанович Сатаровтан мемлекеттік кірісіне тұрақсыздық айыбы 1 751,68 (бірмың жеті жүз елу бір) теңге 68 (алпыс сегіз) тиын өндірілсін.

Жауапкер «БЕКПАТША» шаруа қожалығының басшысы Жумабек Дауанович Сатаровтан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 10.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.11.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.11.2025
7119-25-3-1/10723

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетибаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.11.2025, судья Жетибаев Ж. К., 21.11.2025

7119-25-3-1/10723